

**Май аудандық Қоғамдық кеңесінің
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Көктөбе ауылы

2025 жылғы «01» қазан

Өткізілетін орны: аудандық мәслихат ғимаратында, сағат 11.00.

Күн тәртібінде қаралатын сұрақ:

1. Май аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне куәліктер табыстау.
2. Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау.
3. Комиссия мүшелерімен төрағаларын сайлау, Төралқа құрамын сайлау.
4. Май аудандық Қоғамдық кеңесінің ережесін бекіту.

Қатысушылар:

- Қоғамдық кеңестің мүшелері (толық құрамда);
- Мейрамбек Хызыр, Май аудандық мәслихатының төрағасы;
- Мусафиров Максат Майданұлы – Қоғамдық кеңесті құру бойынша жұмыс тобының басшысы;
- Тауова Айжан Рахымжановна - Май аудандық Қоғамдық кеңесінің хатшысы.

Отырысты Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының басшысы Мусафиров Максат Майданұлы ашып, жүргізеді.

М. Мусафиров: Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері!

Бүгінгі ұйымдастыру жиынына қоғамдық кеңестің 12 мүшесі толық құрамда қатысып отыр. Қоғамдық кеңестің отырысы құқықты. Үш жыл алдын сайланған қоғамдық кеңес өз жұмысын аяқтап, жұмыс тобы қоғамдық кеңестің 12 мүшеден тұратын айқындады. Барлық шаралар заң талаптарына сай жүргізілді. Май аудандық мәслихаты төрағасы М.Хызырдың өкімімен қоғамдық кеңестің жаңа құрамы бекітілді.

Аудандық қоғамдық кеңеске ең көп дауыс жинаған кандидаттар: Тусупбеков Ерболат Шомитұлы, Сманов Халыкбек Пердебекұлы, Мустафин Кошербай Куанышұлы, Дюсенбаев Пазыл Тулеуұлы, Карманова Гульнар Мукажанқызы, Адамжанов Жаңбырбай Жұманұлы, Казылова Гульзира Абзалқызы, Кусайнова Мадина Каззаитқызы, Ахамбаев Манарбек Ерманатұлы, Смакова Дина Сеитқызы, Сағымбаев Даурен Токтасынұлы, Тенизбаев Серикбай Асманұлы өтті.

Резервтік орынға: Жұмақадір Гүлбаршын, Тайшыбаев Ерлік Ұзақұлы, Жангазинов Қадылбек Сембайұлы қойылды.

Осы ұйымдастыру отырысына Май аудандық мәслихатының төрағасы Мейрамбек Хызыр қатысып отыр. Сөзді Мейрамбек Хызырға беруге рұқсат етулеріңізді сұраймын.

М.Хызыр: Құрметті отырысқа қатысушылар! Бүгінгі Қоғамдық кеңестің алғашқы отырысында сіздерге қызметтік куәлік табыстауды рұқсат етіңіздер.

М.Мусафиров: Құрметті аудандық Қоғамдық кеңестің мүшелері!

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес, Қоғамдық кеңестің бірінші отырысында ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің төрағасы, Қоғамдық кеңес комиссиясының құрамы мен төрағасы, Төралқа құрамы жай көпшілік дауыспен сайланады, сондай-ақ қоғамдық Кеңес туралы ереже бекітіледі.

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасының кандидатурасы бойынша қандай ұсыныстар болады?

Сөз: Казылова Г.К. беріледі мен Кусаинова Мадина Кабзайтқызының кандидатурасын ұсынамын.

Сөз: Сағымбаев Д.Т. беріледі мен Ахамбаев Манарбек Ерғанатұлының кандидатурасын ұсынамын.

Сөз: Мустафин К.К. беріледі мен Адамжанов Жаңбырбай Жұманұлының кандидатурасын ұсынамын.

Сөз: Смакова Д.С. мен Карманова Гульнар Мукажанқызының кандидатурасын ұсынамын.

М.Мусафиров:

1. Кусаинова Мадина Кабзайтқызын
2. Ахамбаев Манарбек Ерғанатұлын
3. Адамжанов Жаңбырбай Жұманұлын
4. Карманова Гульнар Мукажанқызын

Май аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайлау туралы ұсыныс түсті.

Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын.

1. Кусаинова Мадина Кабзайтқызын- қолдап 7 дауыс берді, 5 қалыс қалды.
2. Ахамбаев Манарбек Ерғанатұлын- қолдап 6 адам дауыс берді, 6 қалыс қалды.
3. Адамжанов Жаңбырбай Жұманұлын- қолдап 7 дауыс берді, 5 қалыс қалды.
4. Карманова Гульнар Мукажанқызын- қолдап 8 дауыс берді, 4 қалыс қалды.

Ашық дауыс беру нәтижесінде ең көп дауысқа ие болған Карманова Гульнар Мукажанқызы Май аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланды.

Құрметті Карманова Гульнар Мукажанқызы енді әрі қарай отырысты өзіңіз жүргізуді сұраймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті әріптестер сенім білдіріп қолдау көрсеткендеріңізге рахмет, ендігі мәселеміз төралқа құрамы және комиссия құрамын сайлау қажет. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктерінің бірі қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру болып табылады.


Қоғамдық кеңестің алдыңғы құрамында 3 комиссия болған. Мен сандық құрамды өзгеріссіз қалдыруды ұсынамын, тек комиссиялардың атауларын өзгертуді ұсынамын. Қандай ұсыныстарыңыз бар.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшелері барлығы бір ауыздан Май аудандық Қоғамдық кеңес ережесімен толықтай танысу үшін және комиссия мүшелерін, төралқа сайлауды келесі отырысқа қалдыруды ұсынды

Қоғамдық кеңес төрағасы: Ұсыныс қабылданды. Күн тәртібіне қойылған Май аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне куәліктер табыстау. Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау.

толығымен қаралды, осымен отырысты жабық деп жариялаймын. Қасқандарыңызға рахмет!

Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы



Май аудандық Қоғамдық кеңесінің хатшысы

